



**«Міг» мектепке дейінгі балаларды
дамыту орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналардың
жалпы жиналысының жұмыс жоспары.**

Отбасымен өзара әрекеттесу.

Ата-аналардың жалпы №1-жиналысы. Тақырыбы: «Балабақша ортақ үйіміз» мектепке дейінгі ұйымның ата-аналарымен танысу 1. Балабақша ішілік тәртіппен таныстыру 3. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру. 4. Өзге мәселелер.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике
Ата-аналардың жалпы №2-жиналысы. Тақырыбы: «Тарыдай болып кіреміз, таудай болып шығамыз», тәрбиеленушілердің бір жылдық қорытындысы 1. Жыл бойына өткізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстыру. (әр жас тобында). Баланың денсаулығын бақылау ата-ананың басты міндеті. 3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстармен таныстыру. Жоспар бойынша бағыттау	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике

**«Міг» мектепке дейінгі балаларды
дамыту орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналардың
жалпы жиналысының №1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 12 . 09 2025 жыл

Өткізілген орны: «Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы

Қатысқандар: 13 ата-ана

Қатыспағандар: 10 ата-ана

Тақырыбы: «Балабақша – ортақ үйіміз» мекемесімен және ата-аналармен танысу

Күн тәртібінде:

1. Балабақша ішілік тәртіппен таныстыру.
2. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.
3. Әртүрлі мәселелер.
- 4.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Едигина Жадыра Ондасыновна сөз алып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаның жұмыс тәртібі, қауіпсіздік талаптары, балаларды қабылдау және шығарып салу ережелерімен таныстырды. Ата-аналарды 2025-2026 оқу жылында балабақшадағы жасалатын жұмыс жоспарымен тақырыбымен таныстырды. Балабақша ата-аналармен бірге жұмыс жасай отырып, балаларымыздың жетістігіне бірге жететіндігіне тоқталды. Баланың сабаққа қатысуы мен тәртібіне байланысты ата-аналардың жауапкершілігі түсіндірілді.

2-мәселе бойынша:

Балабақша Мейірбикесі Жусупова Айсауле Нурболатовна сөз кезегін алды. Балалардың дұрыс тамақтануы туралы баяндама жасады. Балабақшадағы ас мәзірі Қазақстан Республикасының санитарлық талаптарына сәйкес ұйымдастырылатынын айтып өтті. Балалардың денсаулығын нығайтуда дұрыс тамақтанудың маңызы түсіндірілді. Және балабақшаның 10күндік ас мәзірімен ата-аналарды таныстырып өтті. Балабақшада да үйде де баланың дұрыс тамақтануы баланың денсаулығына әсері зор екендігін айтып өтті.

3-мәселе бойынша:

Балабақшадағы ата-аналар комитеті сайланды.

Ата-аналар балабақша жұмысына қатысты сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Барлық сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Шешім қабылданды:


Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері ата-аналардың орындауына ұсынылсын.

Балалардың уақытылы келуі мен қатысуын ата-аналар қадағаласын.

Балалардың дұрыс тамақтануына ата-аналар мен педагогтер бірлесіп көңіл бөлсін.

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Төраға:  Едигина Ж.О.

Хатшы:  Дендерова С.Н.



**«Mig» мектепке дейінгі балаларды
дамыту орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналардың
жалпы жиналысының №2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 15 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: 1111 мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы

Қатысқандар: 58 ата-ана

Қатыспағандар: 4 ата-ана

**Тақырыбы: «Тарихтай болып кіреміз, таудай болып шығамыз»
тәрбиеленушілердің бір жылдық қорытындысы**

Күн тәртібі:

1. Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстыру.
2. Баланың денсаулығын бақылаудағы ата-ананың басты міндеті.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстармен таныстыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Едигина Ж.О. сөз сөйледі. 2025-2026 оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады. Балалардың білім, білік және дағдыларының даму көрсеткіштерімен таныстырды. Бақылау парағымен таныстырып өтті. Жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шаралар, байқаулар және тәрбиелік жұмыстар туралы есеп беріліп презентация көрсетілді. Тәрбиеленушілердің жетістігі балабақшаның қуанышы деді. Тәрбиеленушілеріміз көптеген халықаралық, облыстық, республикалық жүлделі орындар алғанына тоқталды. Балаларымызбен мақтанамыз деп сөзін қорытындылады.

2-мәселе бойынша:

Балабақша мейірбикесі Жусупова Айсауле Нурболатовна сөз сөйледі. Баланың денсаулығын сақтау және нығайту жөнінде баяндама жасады. Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн тәртібін ұйымдастыру және дұрыс тамақтану бойынша кеңестер берілді. Балалар жазғы сауықтыру бойынша көбінесе уақытты далада, таза ауада өткізетіндігіне тоқталды. Және әр серуенде мейірбике балалармен бірге қастарында болатындығына тоқталды. Балаларға күн өтпеу үшін бастарына күнді көлегейлейтін бас киім міндетті түрде болуы керектігін айтты. Әр баланың қауіпсіздігін сақтау үшін барлық ұжым болып атсалысатындығын айтты.

3-мәселе бойынша:

Балабақша Тәрбиешісі 2025-2026 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, серуендеу, спорттық ойындар мен қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат берілді.

Балаларымыздың жазғы жұмыс жоспары бойынша ойын, шығармашылық бағытында қызықты әрі көңілді уақыт өткізетіндігіне тоқталды.

Шешім қабылданды:

2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналардың жауапкершілігі күшейтілсін.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары назарға алынсын.

Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналарға міндеттелсін.

Төраға:  Едигина Ж.О.

Хатшы:  Дендєрова С.Н

